

Арыстанбеков Тасмұрат

1915 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Мойылды өзені бойында дүниеге келген. 1934-1938 жылдары Орал педагогикалық институтын бітірген. 1942 жылы 8 маусымда Торғай АӘК-нан әскер қатарына шақырылған. Соғыста 48-запастағы атқыштар полкінің 36- запастағы атқыштар дивизиясы құрамында қатардағы жауынгер болған. Ленинград майданында болған ұрыстарға қатысқан. Елге келген соң 1961 жылы Бүйректал орта мектебінде директор, Албарбөгет орта мектебінің директоры, Жасбуын орта мектебінің директоры, Дәмді орта мектебінің директоры, Жыланшық мектебінің директоры қызметтерін атқарған. Көп жылғы еңбегінің нәтижесінде 1949 жылы «За трудовое отличие» медалімен, Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен, білім саласы бойынша аудандық, облыстық Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталған. 1971 жылы зейнеткерлікке шығып, 1988 жылы 14 желтоқсанда қайтыс болды.



